

AQTOĞAI AJARY

Aqtoğai áydandyq qoғamdyq-saiasi basylym

№31 (7920)

Жұма
28 шілде
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shyğady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Президент реформасы –
өміршең өзгерістер

Осы жылдың 22 маусымында Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші жиынында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев:

Жаңа серпінмен біріге тер төгуі керек

«Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл – оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады» – деп, «Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз. Сол себепті, мен Жолдауымда Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтердім. Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген» – деп құрылтайдың көп жиынның бірі емес, елдің, мемлекеттің болашағына қатысты мәселелер шешілетін маңызды басқосу екенін түсіндірген болатын.

Құрылтайда Мемлекет басшысы

негізгі сегіз мәселе көтерді: Мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажет; Ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту өте маңызды; Біз мәдени мұрамызды жаң-жақты дәріптеуіміз қажет; Өскекең ұрпақтың тәрбиесі – өте маңызды мәселе; Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамыту; Мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметі сапалы жүргізілуге тиіс; Еліміз үшін стратегиялық маңызы бар тағы бір

мәселе – шекаралас аймақтарды дамыту; Мемлекеттік аппараттың жұмысына қатысты біраз сын-пікірлер бар.

Президенттің Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзін Қазақстан халқы жылы қабылдап, қолдау білдіріп жатыр. Себебі, мемлекетті, қоғамды дамытатын, елдің жаңа бағытта өсіп-өркендеуіне негіз боларлық мәселелерді көтеріп, соның шешілу жолдарын да көрсетіп берді. Демек, қазақ елінің азаматтары енді осы бағытта жұмыла жұмыс істеп, жаңаша серпінмен біріге тер төгуі керек.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, іс басына жаңа бағытта жөн сілтейтін жаңа лек келіп, жақсы іске жол салса, сол жолда тек иісі бұрқыраған гүл өсіп тұрары айдан анық. Сонда біздің болашағымыз да жарқын болмақ.

Е.Керімбай,

аудандық мәслихат депутаты.

«Біріміз – бас, екіншіміз – мойын» болатын шақ

Күні кеше екінші Ұлттық құрылтай тарихи Түркістанда өтті.

Өздеріңізге мәлім, Ұлттық құрылтай – қоғам бірлігін нығайтып, халықтың мүддесімен сәйкесегін сындарлы идеяларды көтеру, жүйелеу, іске асыру үшін құрылған диалог алаңы. Бір жылдың ішінде әр бағыттағы комиссиялар жұмыс істеп, ой-қорытындылар, пайдалы жобалар, маңызды пікірлер ұсынылды. БАҚ-та, әлеуметтік желілерде материалдар жарияланды. Түрлі деңгейлердегі сұхбат, талқылау алаңдарына спикер ретінде қатысты. Құрылтай қазынасы – ел және әлем даналығы, тәжірибесі. Саяси мектеп те, адами мектеп те – осының қайнарында.

«Бабаларымыз маңызды шешім қабылдар кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақырған. Бүгінгі құрылтай еліміздегі қайғылы оқиғадан кейін өтіп жатыр. Абай облысында алапат өрт шығып, азаматтарымыз қаза тапты. Тағы да қайталап айтқым келеді, біз мұндай оқиғадан сабақ алып, нақты шешімдер қабылдауымыз керек. Ел басына түскен қиындықтар, ең алдымен біздің береке-бірлігімізді сынға алады. Осындай күрделі сәттер, ең бастысы, шынайы жанашырлық және терең жауапкершілік қажет екенін айқын көрсетеді», – деп атап айтты ел басшысы.

Құрылтай мінберінен жария етілетін Мемлекет басшысының баяндамасы қоғам бірлігі мен ізденісіне елеулі қозғау салады деп үміттенеміз. Қазір – қоғамның ұйысуы мен берекесін арттыруға қатысты идеялар мен қадамдарды тұжырымдау кезеңі. Халық сөзімен айтсақ, «біріміз – бас, екіншіміз – мойын» болатын шақ.

С.Сағындықова,

Жидебай ауылдық округі.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Тұрғындар тілегі тыңдалды

Партияның басты мақсаты – әрқашан халықтың игілігі жолында жұмыс атқару. Жыл басталғалы бүгінгі күнге дейін аудандық партия филиалы ауқымды жұмыстар атқарып, тұрғындардың талап-тілектерін басты назарда ұстап келеді.

«Партия жұмысын жаң-жақты жаңғырту жұмыстары халықпен кері байланыс жасаудың тиімді құралы қоғамдық қабылдау бөлмелері қызметін де қамтып отыр. Қоғамдық қабылдау

Нұрланбек Жаңабергенов, Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұржан Сеитов, Ақтоғай ауданының мансаптық орталығының ассистенті Жансерік Жанат қатысты.

– Жыл басынан бері өңірді аралап, осындай оңтайлы шара өткізіп жүрміз. Қай жерде де қабылдауға келген тұрғындардың шағым-сұранысын аяқсыз қалдырмаймыз. Ауыл тұрғындары



бөлмелері тек шағымдармен ғана емес, елді дамыту бойынша нақты идеялармен келетін азаматтар үшін өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға салатын орынға айналуы тиіс және көшпелі қабылдауды жиі өткізіп, шалғай ауылдардың тұрғындарымен кездесу керек» – деп кезектен тыс өткен XXII съезде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен болатын.

Шілде айының 26-шы жұлдызында Кежек ауылында «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы мобильді қоғамдық қабылдау өткізді. Аталмыш партияның Қарағанды облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлімінің кеңесшісі Адилов Олжас, «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы хатшысы Төлеген Таукеев, Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасы Рашид Әбеуов, Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы

жол, электр қуатының үзілуі туралы жиі айтады. Ауқымды мәселелерді жоғары сатыда көтеруге ұсыныстар дайындаймыз. Ал, жергілікті деңгейде шешуге болатын болса, сол жердегі атқарушы мекемелерге тапсырма жүктеледі, – дейді «AMANAT» партиясының Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы хатшысы Төлеген Таукеев.

Қоғамдық қабылдау барысында әлеуметтік және күнделікті тұрмыстық мәселелер талқыланды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану жөнінде сұрақтарына жауаптары мен түсініктемелер берілді. Мобильді қоғамдық қабылдау алдағы уақытта жалғасын тауып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдау үшін басқа да шалғай ауылдарда өткізілетін болады.

Думан Аманкелдіұлы.

Ауданымызда жаңа бас имам



«Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің 2021 жылдың 17 ақпанында Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде тіркелген Жарлығына сәйкес, ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының 2023 ж. 13 шілдедегі №2261 бұйрығымен Қапас Еркін Әуелбекұлы «Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің филиалы, Қарағанды облысы, Ақтоғай аудандық мешітінің бас имамы болып тағайындалды.

Қапас Еркін Әуелбекұлы 1996 жылы

27-тамызда Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданында дүниеге келген.

2017-2018 жылдары Қарағанды облыстық «Әнет баба» мешіті жанындағы О.Есенұлы атындағы діни сауат ашу курсы, 2021-2023 жылдары Алматы қаласы, «Нұр Мұбарак Египет Ислам мәдениеті» университетін тәмамдаған.

Қызметіне кірісті

Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысы Роллан Тусупбековтің 2023 жылғы 13 шілдедегі №37 бұйрығына сәйкес, Қожамбаев Фибрат Медетұлы Ақтоғай ауданының мәдени-бос уақыт өткізу орталығы КМҚК директоры болып тағайындалды.

Фибрат Қожамбаев 1979 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген.

2001 жылы Тәттімбет атындағы саз-өнер колледжін «Дәстүрлі ән» жеке орындаушы, оқытушы мамандығы бойынша үздік дипломмен аяқтаған. Алғаш еңбек жолын 2001 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауылы К.Байсейітова атындағы орта мектепте музыка пәнінің мұғалімі болып бастаған.

2003-2005 жылдары Ақтоғай ауданы өнер мектебінің «Домбырамен ән салу» сыныбында оқытушы;

2005-2012 жылдар аралығында Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығында «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің көркемдік жетекшісі, музыкалық жетекшісі;

2012-2014 жылдары Балқаш қалалық Кеңшілер мәдениет сарайында «Шежіре», «Живая память» ансамбльдерінің музыкалық жетекшісі, 2014-2016 жылдары Ақтоғай ауданы, Шашубай кенттік мәдениет үйінде меңгеруші, 2016-2023 ж.ж. Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығының көркемдік жетекшісі қызметін атқарған.



Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы

Жұмыссыздық деңгейі төмен

Таяуда Ақтоғай аудандық мансаптық орталығының ұйымдастыруымен «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» өткізілді.

Соңғы жылдары аудан экономикасында орасан зор өзгерістер орын алуда, атап айтқанда, еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі және жұмыспен қамтылған халықтың тұрақты өсуі байқалады.

Жәрмеңке өткізудің мақсаты – аудан бойынша еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету және жұмыспен қамтылған халық санын өсіру мақсатында ұйымдастырылып жатқан шара жұмыс беруші мекемелер қажетті мамандарды таңдауларына, ал жұмыс іздеушілерге жұмысқа орналасуларына жағдай жасау болып табылады.

Бұл шараға аудандық аурухана, мәдени-бос уақыт өткізу орталығы, білім бөлімі, ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері, мансаптық орталығының мамандары қатысты. Жәрмеңкеде бос жұмыс орындарымен қатар, жұмысқа орналасу және мемлекеттік қолдау шараларына қатысу бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл шараны жұмыссыздар мен жұмыс берушілер арасындағы алтын көпір деуге болады. Мұндай шаралардың жемісін көріп, жұмыс тапқан, мамандық алған адамдар да көп. Мәселен, жыл басынан осындай жәрмеңке 3 мәрте өтіп отыр.

Сонымен қатар, жәрмеңке барысында қажетті жұмыс орындарын таңдау, жастар тәжірибесінен өту, әлеуметтік жұмыс орындары мен қоғамдық жұмыстарға қатысу, өз кәсібін ашуда мемлекет тарапынан берілетін несие бойынша әлеуметтік көмек туралы кеңестер берілді.

Д.Дарханұлы.

Мемлекеттік қызмет

Мемлекеттік органдарда стратегиялық кадрлық жоспарлау

ҚР Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес: меритократия қағидатын сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің «позициялық» моделіне (нақты лауазымдар үшін кандидаттарды іріктеу) көшу ұсынылады. Бұл үшін персоналды басқарудың стратегиялық бағыттылығы, инклюзивтілік, кешенділік, жүйелілік және икемділік қағидаттарында қалыптастырылған мемлекеттік органның кадрлық стратегиясы мен кадрлық жоспарлауын енгізу маңызды құрамдас болады.

Бұл ретте позициялық тәсіл кадрлық саясатты мемлекеттік орган қызметінің мақсаттарына сәйкес келтірілуге, ал ұйымды басқару ұйымның негізі ретінде адами әлеуметке негізделуге тиіс персоналды басқару функционалын қайта құруды талап етеді.

Кадрлық жоспарлау процесінде мемлекеттік органдарда 4 кезең белгіленуі мүмкін.

Бірінші кезең – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын немесе аумақтарды дамыту бағдарламасын талдау.

Кадрларды жоспарлаудың екінші кезеңі – ұйымның персоналға деген қажеттілігін болжау.

Кадрлық жоспарлаудың үшінші кезеңі – мемлекеттік органның ішкі кадр ресурстарының жай-күйін бағалау.

Кадрларға өсіп келе жатқан сандық және сапалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін мемлекеттік органның (ұйымның) өзіндік мүмкіндіктері жиі жеткіліксіз болғандықтан, кадрларды жоспарлау әрдайым жұмыс күшінің сыртқы көздерін зерттеуді және бағалауды қажет етеді.

Кадрлық жоспарлаудың төртінші кезеңі – жоспарларды дайындау, мемлекеттік органды қажетті кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі барлық міндеттер кешенін айқындау.

Сонымен қатар, стратегиялық кадрларды жоспарлау персоналды басқарудың барлық циклдарын қамтиды: жоспарлау, тарту және іріктеу, оқыту және бағалау, тұрақтылық және мансаптық ауысу және т.б. және персоналды дамыту жоспарының болуын болжайды (ұйымның белгілі бір кезеңдегі мақсаттарына жету үшін адам ресурстарын сандық және сапалық қамтамасыз етудің барлық негізгі әрекеттерін сипаттайтын құжат), соның арқасында жоспарды әзірлеу кезеңінде қажетті ресурстар көрінеді.

Бірақ, мемлекеттік органда кадр қызметкері мен HR-менеджері арасында айырмашылық бар ма? Көбінесе персоналды басқару қызметі қызметкерінің міндеттері мемлекеттік қызмет және еңбек заңнамасы саласындағы заңнама шеңберінде ғана функцияларды орындауға (конкурс өткізу, бағалау, оқуға жіберу, тағылымдамадан өту, бұйрықтар дайындау және т.б.), сондай-ақ, басшылықтың тікелей тапсырмаларын орындауға байланысты болады.

Әдетте, кадр маманының жұмысы құжаттармен байланысты. Оның мін-

деттеріне мыналар кіреді: жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату, ауысу туралы бұйрықтар, демалыс, жұмыс уақыты мен әскери есеп табелін жүргізу, кесте құру және т.б. Осылайша, кадр қызметі негізінен кадрлық құжат айналымын бақылайтын көмекші құрылым болып табылады.

Қазіргі уақытта бұл функцияларды Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің персоналды және кадр әлеуетін басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі болып табылатын «Е-қызмет» БАЖ сәтті орындайтынын атап өткім келеді.

Енді HR-менеджері қандай функцияларды орындайтынын анықтайық. Егер біз «менеджер» сөзінің мағынасы туралы айтатын болсақ, онда ол ағылшын тіліндегі «басқару» етістігінен шыққан, «маман» сөзінің мағынасы, белгілі бір мамандық саласындағы қызметкер. Бұл HR-менеджері белгілі бір дәрежеде қызметкерлерді «басқарады», ал кадр қызметкері көбінесе орындаушы лауазымы екенін көрсетеді.

HR мамандарының міндеттерінің ауқымы өте кең: олар кадрларды іріктеу, оларды бейімдеу, бағалау, оқытумен айналысады. Олар (көбінесе бөлімше басшыларымен бірге) компанияда мотивация жүйесін дамытады, компания қызметкерлерінің еңбек тиімділігін бағалайды. Олар, сондай-ақ «жұмыстан кету» себептерін анықтап, онымен күресуі керек.

Кадр қызметкері – HR-менеджері жұмысының бір бөлігі. HR-дың жұмысы әлдеқайда кең және көлемді, ол тек іріктеуден ғана емес, сонымен қатар, жұмыспен қамту, кадрлық іс жүргізу, жалақы, мотивация, қызметкерлерді дамыту және оқытудан тұрады.

HR-менеджердің негізгі қасиеттері: кең ой-өріс, білім тереңдігі, ішкі клиентке бағдарлану, оқу қабілеті және алған білімдерін практикада қолдану.

Тиісінше, кәсіби өсу үшін негізгі білімге ие болу ғана емес, сонымен қатар үнемі білім алу, жаңа әдістер мен тәжірибелерді игеру, талдау, себеп-салдарлық байланыстар құру, мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдерін іздеуі қажет.

Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары HR қабылданған шешімдер үшін барлық жауапкершілікті басқа орындаушылармен бөлісетін, олармен бірге Басқару стратегиясы мен тактикасын дамытатын және олармен бірге нәтижеге жауап беретін серіктес ретінде көруі керек.

Сіз қандай шешім таңдайсыз – техникалық жұмысты орындайтын көмекшінің рөлі немесе серіктес болу, яғни басшының оң қолы, сіздің мемлекеттік органның ең маңызды стратегиялық жоспарларын орындауға көмектесетін маңызды адам. Дұрыс таңдау жасау өз қолыңызда!

Е.Жолданғар,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Аймақ кәсіпкерлері бас қосқан байқау

Шағын және орта кәсіпкерлік кез келген елдің ішкі экономикасының ұстыны іспеттес. Сол себепті де нарықтың сұранысын қанағаттандыру үшін мемлекет кәсіпкерлік саласының қолтығынан демеу білдіріп келеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев халыққа арнаған кезекті Жолдауының бірінде былай деген болатын:

«Мемлекет кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау үшін тиімді тәсілдер қолданып жатыр. Атап айтқанда, гранттар, шағын және жеңілдетілген несиелер беріледі. Өңірлердегі еңбекке жарамды халықтың үштен бірі шағын және орта бизнес саласында

жұмыс істейді. Бұдан әрі ел ішіндегі кәсіпкерліктің санын айтарлықтай арттыру үшін мемлекет тарапынан қолдау шараларын күшейту қажет», – деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен болатын.

Президент пәрменінен кейін Үкімет бұқара арасында бәсекелестікті арттырып, кәсіпкерліктің кеңістігін кеңейту үшін әртекті жобалар мен байқаулар, түрлі шаралар ұйымдастырып келеді. Сондай шарапатты шараның бірі жыл сайын дағдылы түрде өтіп келе жатқан – «Алтын сапа» және «Қазақстанның үздік тауарлары» байқауы. 2006 жылғы 9 қазандағы №194 Президент Жарлығына сәйкес, «Алтын сапа» Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығы жыл сайын конкурстық негізде жыл сайын беріліп келеді.

Бұл байқаудың негізгі идеясы – отандық өнімнің сапасын арттыру. Конкурста Қазақстан Республикасының аумағында тауар өндірумен, қызмет көрсетумен жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қатыса алады. Аталмыш байқауда



жыл сайын үш санат және төрт аталым бойынша сыйлықтар беріледі. Атап айтсақ: «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын», «Халық үшін тауарлар шығаратын үздік кәсіпорын», «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын» және «Азық-түлік тауарларын және ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаратын үздік кәсіпорын».

Жуырда аталмыш байқаудың Қарағанды облысы бойынша аймақтық кезеңі болып өтті. Шараға облысымыздың түкпір-түкпірінен 90-ға жуық кәсіпкер қатысты. Ауданымыздың атынан «OIMAQ BRAND» шағын шеберханасының жетекшісі Индира Лекер Берікқызы арнайы барып, өз өнімдерін көрмеге қойды. Аз-кем көзіқарақты оқырманға Ақтоғай ауылының жас кәсіпкері Индира Берікқызы туралы сөз қозғасақ. Ол мемлекеттік қолдаудың арқасында осыдан аз жыл бұрын шағын тігін цехын ашқан болатын. 2021 жылы Жұмыспен қамту орталығы

арқылы шағын бизнесті қолдайтын грантына қол жеткізген Индира тігіншілікті кәсіп қылады. Сондай-ақ, өткен жылы жас кәсіпкерлерді қолдау, шағын орта бизнесті дамыту мақсатында берілетін облыс әкімінің 1 млн. теңге гранты тігін шеберханасының жұмысын өркендетуге көп көмек болған. Шеберхана заманауи тігін машиналарымен және басқа да құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Тапсырыс беруші мата түрлерін таңдап, өз қалауынша тіктіре алады. Қазіргі таңда шеберхананың жұмыс ауқымы кеңейген. Аудан, облыс көлемінде ғана емес, Қазақстан бойынша тапсырыс қабылдайды. Тіпті, Лос-Анджелесте тұратын қандастарымыз «OIMAQ BRAND»



тіккен киімдерді ақтоғайлық өнім ретінде күнделікті өмірде киіп жүргені ақтоғайлықтар үшін үлкен мақтаныш, жас кәсіпкер үшін үлкен жетістік. Шеберхана ұлттық нақышқа аса ерекше мән беріп келеді, алға қойған мақсаты да сол.

– Ұлттық нақыш пен заманауилықты ұштастыра отырып, жастар арасында қазақтың төл туындыларын дәріптеу. Оны жастар күнделікті өмірде кие

«Бізге Қазақстан экономикасын дамыту жолында өзіне жауапкершілік ала алатын кәсіпкерлердің «жаңа толқыны» қажет. Оның бел ортасында әкімшілік ресурстарға иек артпай, кәсіпкерлік таланты мен еңбекқорлығының арқасында кәсібін табысты жүргізе алған бизнесмендер болуға тиіс».

ҚР Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаев.

алатындай етіп тігу. Шеберхана 2018 жылдан бері қарқынды жұмыс жасап келеді. Тігіліп жатқан ең басты өнімдеріміз бүгінгі таңда үлкен сұранысқа ие болып отырған қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен нақышталған шапан, камзол, желетке, сонымен қатар ою-өрнекпен көмкерілген қыз жасаулары, – деді И.Лекер.

Жүрек қалауымен осы саланы бойына сіңіріп, кәсіп көзіне айналдырған Индира Берікқызы байқау барысында әр өңірден келген кәсіпкерлер бір ортада бас қосып, өзара пікір, идея алмасқанын жеткізді.

Жалпы, шара соңында жоғарыда аталған номинациялар бойынша жүлдегерлер анықталды.

Бұл туралы Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Е.Құлпейісов: – Біз бұл іс-шараларды жыл сайын ұйымдастырамыз. Бұл қазірдің өзінде жақсы үрдіске айналды. «Қазақстанның үздік тауарлары» екі кезеңде өтеді. Бірінші кезең Қарағандыда көрме ретінде өтуде. Ал, екіншісі «Алтын сапамен» бірлесіп, Астанада мемлекет басшысының қатысуымен өтеді. Біздің аймақ жыл сайын жақсы жетістікке қол жеткізуде. Бұл байқауға қатысып, жүлдегер атануға әркімнің мүмкіндігі бар, – дейді.

Е.АЙТЖАН.

Жалғасын тапқан жәрмеңке

Шілде айының 27-ші жұлдызы күні аудандық әкімшілік, ауыл шаруашылығы мен аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің ұйымдастыруымен дәстүрлі жәрмеңке болып өтті. Кейінгі жылдары дәстүрге айналған жәрмеңке жыл сайын өрісін кеңейтіп, аудан, ауыл халқы үшін арзанға келген тауар үлкен олжа болса, шаруа баққан ағайынның маңдай тері ақталып, еңбегінің берекелі саудаға түсуі де толайым табыстың жемісі. Бұл ел-жұрт үшін тиімді болып тұр. Соның айғағындай, мезселенген уақытта аудан орталығындағы Халық Банкі ғимаратының алдында жайма сөрелерді жайнатып, әр ауылдық округтер мен қаладан әкелген арзан мол өнімдер ұсынылып, жәрмеңке қолма-қол қызып жүре берді.

Тірлігі қызу қайнаған жәрмеңкеде ет, сүт өнімдері саудаланса, данасы 40 теңге



тұратын тауық жұмыртқасы көзді ашып-жұмғаныша өтіп кетті. Сонымен қатар, 220 теңгеден картоп, қызылша, 180 теңгеден пияз,

350 теңгеден қияр, 400 теңгеден қызанақ жеткізіліп, саудаланды.

«Сауда сақал сипағаныша» дегендей, 5 литрі 2800 теңгеден сұйық май, келісі 320 теңгеден рожки, вермишель, келісі 450 теңгеден қант, жеміс-жидектер де өз алармандарын тапты.

Жалпы, өнімдерін өткізіп, теңгеге айналдырған саудагерлер де, арзан бағамен тауар алған ауыл тұрғындары да дән риза болысты. Себебі, жәрмеңке алаңында жүрген халықтың құр қол кетіп жатқанын көргенім жоқ. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін қолдарына бір-бір қапшықтарын ұстап, үйлеріне дорбаланып қайтып жатты. Соған қарағанда, жәрмеңке береке белгісі болған.

Д.Бақышев.

ҚР Жер кодексі туралы

43-1-бап. Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін беру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру осы бапта белгіленген тәртіппен және шарттарда шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы осындай жер учаскелерін беруге бұрын келіп түскен өтінімдерді ескере отырып қалыптастырады және бұл қоғамдық кеңестермен, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдармен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен келісіледі.

Келісуші органдар мен ұйымдар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі олардың орналасу схемасымен бірге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өз ұстанымының уәжіне негіздемесі бар қорытынды береді.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі келісуші органдар мен ұйымдар жалпы санының кемінде төрттен үші оң қорытынды берген жағдайда келісілді деп есептеледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің келісілген тізбесін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы келісілген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бекітеді.

Тізбеге енгізілген жер учаскелері шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа жерге орналастыру жұмыстары жүргізілгеннен кейін шығарылады, жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу мерзімі көрсетілген тізбе бекітілген күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2-1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің ең жоғары мөлшері жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімдерімен айқындалады.

Бұл ретте көрсетілген мөлшерлер осы Кодекстің 50-бабының 4-тармағына сәйкес, белгіленген жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерінен аспауға тиіс.

3. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізуді аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

4. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізуді қамтамасыз ету үшін:

1) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында жариялауды;

2) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына, сондай-ақ орталық уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін жіберуді жүзеге асырады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес, осы хабарламаны өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ мемлекеттік органдардың халыққа

қолжетімді жерлердегі арнайы ақпараттық стендтерінде орналастырады және оны аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдеріне олардың интернет-ресурстарында және халыққа қолжетімді жерлердегі арнайы ақпараттық стендтерде орналастыру үшін дереу жібереді.

5. Хабарламада:

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың өткізілетін күні, уақыты және орны, сондай-ақ өтінімдер беру мерзімі мен орны;

2) жер учаскесінің сипаттамасы (орналасқан жері, алаңы, алқаптардың құрамы, топырақтың сапалық сипаттамасы, бонитет балы, сумен қамтамасыз етілуі, өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы) қамтылуға тиіс.

6. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау және тіркеу – өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қағаз жеткізгіште немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беріледі.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілген шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес, конкурс қорытындысы шығарылған күні ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына жіберіледі.

7. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы шығарылған күн оның аяқталған күні болып есептеледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді беру мерзімі аяқталғаннан кейін келесі күні шығарылады.

8. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі өткізілетін конкурстарға жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар тізілімінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ осы баптың 19-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар қатысуға құқылы емес.

9. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың

жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

10. Конкурстық ұсыныста:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықшілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын өртаптастыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

11. Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

14. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазын жер комиссиясы тиісті өлшемшарттарды ескере отырып, балл беру арқылы конкурстық ұсыныстарды салыстыру негізінде айқындайды.

Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жер учаскесін алу кезінде олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша балл беру түрінде артықшылық беріледі. Жер комиссиясы конкурстық ұсыныстарды бағалайды, салыстырады және жеңіп алған конкурстық өтінімді айқындайды.

Конкурстық ұсыныстарды және шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде, ұсынылған конкурстық ұсыныстар мен өтінімдердің мәнін қозғамайтын, түзетуге болатын грамматикалық және арифметикалық қателер назарға алынбайды.

15. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы жер комиссиясының хаттамалық шешімімен ресімделеді.

Жер комиссиясының хаттамалық шешіміне жер комиссиясының төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ жер комиссиясының хатшысы қорытынды шығарылған күні қол қояды.

17. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы туралы жер комиссиясының хаттамалық шешімі келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру туралы шешім қабылдайды.

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың қорытындысы туралы жер комиссиясының хаттамалық шешімі келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру туралы шешім қабылдайды.

Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі.

Рухани жаңғыру

Ел іші қай салада болсын еңбекқор, адал, зерделі, тиянақты ел ағаларына толы. Соның бірі, біздің ұстазымыз – Аманкелді Туғанбай. Бұл есім бүгінгі алаштанушыларға, ұлт руханиятына жақын азаматтарға таныс. Өйткені, Нарманбет Орманбетұлы айтылған жерде Аманкелді Туғанбай аты-жөні ескерілмей тұрмайды.

Зерттеуші, өлкетанушы, нарманбеттанушы, ҚазақССР ағарту ісінің озық қызметкері, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы. Бұл күнде сексеннің сеңгіріне шыққан

баспасы). Алда 4-томын жариялауды да жоспарлап отыр. Осының бәріне қаншама күш-қуат, сабыр мен төзім керек. Тіпті, мұны азаматтық ерлікке теңеген дұрыс.

Иә, Нарманбет қолжазбасы сақталмаған. 1939 жылы біраз өлеңі жарық көрген, бірақ оның өзін идеологиялық тұрғыдан күзеп-түзеген. Бұдан кейін оның мұрасы талай замандастары секілді «жабық тақырыпқа» айналған.

Нарманбет кім еді? Сегіз қырлы, бір сырлы, халқына аянбай қызмет еткен, елшіл ақын,

«Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» дегендей, ата-анаңның замандастарын көрсен, әке-шешенді көргендей бір жасап қалатының рас. Ақтоғайдың көп зиялысы үшін Аманкелді аға – бір жағынан ұстаз, екінші жағынан ескінің көзі. Ол кісі бүгін денсаулық жағдайына байланысты Қарағандыда тұрса да, бар ойы, күллі арман-ниеті – даралар туған Ақтоғайдан өрбиді.


Жалпы, «тәлім» мен «тәрбие» деген ұғымдардың төркініне көз жіберсек, «тәлім – тағылым – ғылым» болып шығады. Ғылым

Нарманбеттің жоқшысы

кеудесі көмбе, шежіре ақсақал компьютерді бес саусақтай меңгеріп, өзі мойнына аманаттап алған бабалар мұрасын тасқа басып, жүйелеп, жариялаудан шаршаған емес. Ауылда тұрды, Алматыдан жырақта қызмет етті демесеңіз, студент кезінен академиялық ортаны мойындатқан. Әйгілі күйші Аққыздың Әбдірәші сонау 1962 жылы Аманкелді ағамызды Нарманбет әлеміне енгізіпті. Бұл «Хрущев жылымығы» келсе де, «Алаш» пен «жау» ұғымы қатар айтылатын шақ. Нарманбетті атауға тыйым салынған кез. Бірақ өжет студенттің дипломдық тақырыбына атақты профессор Бейсенбай Кенжебаев бата беріп, Ханғали Сүйіншәлиев қолдаған. Жетекшісі – Алаштың «Садағын» іздеп тапқан Тұрсынбек Көкішұлы. Диплом қорғағанда ҚазПИ-дің ректоры, батыр Мәлік Ғабдуллин мемлекеттік комиссияны басқарып, оң баға беріпті. ҚазМУ-ден аттанарда Түрсекең көзі жасаурап тұрып: «Енді ауылыңа барып магнитофон сатып ал да, ескі жыр-дастан, өлең, шежірені жатқа білетін көзі тірі ақсақалдардан таспаға жазып алып қал!» – деп тапсырыпты. Содан магнитофонын қолтықтап, Ақтоғай төңірегіндегі көнекөз қарттарды шетінен жаза берген. Аудан деп азырқанғанмен, Ақтоғайыңыздың жер көлемі Нидерландпен қарайлас. Көліктің қат кезі. Қариялардың да мінезі әрқилы. Аштық, жоқшылық, соғыс сияқты бұ дүниенің қияметін көрген кісінің бабы мен тілін табу да оңайға соқпаған. «Кейін кел, ауырып отырмын. Уақытым жоқ, мұның кімге керек?» деген немқұрайдылыққа қарамай, қысқа отын-су, жемшөп дайындайтын науқан немесе жазғытұры қой төлдету сияқты бігпейтін ауылдың тірлігі, оның үстіне мектептегі күнделікті қарбалас жұмыс, отбасы қамы, т.б. қолбайлау болса да, аға буынның тілін тауып, сөзін қаттаған, қадым, төте қолжазбаларды да қоса жинаған.

Халық Нарманбетке шөлдеуші еді. Ақынның мұрасын Аужекен 1992 жылы дайындаса да, қаражат табыла қоймады. Сөйтіп жүргенде құдайға қараған заңгер-ғалым Нұрлан Дулатбеков (қазір ҚарМУ ректоры) пен филолог-профессор Мәуен Хамзин 1998 жылы Қарағандының «Болашақ» университетінің баспасынан жариялауға қолғабыс етті. Өлген тірілді, өшкен жанды. Нарекеннің кітаптағы бейнесін көзкөрген қариялардың сипаттауымен Ақтоғайдың арда азаматы, бүгінде абыз ақсақал Қайырбек Сәдуақасов салдырғанын да айта кеткен жөн.

Аманкелді ағамыздың бойындағы табандылық жастарға жұғысты болғай дейміз. Өлкетанушы ұстаз бірінші кітап шыққаннан кейін халыққа мемлекет қолдауымен Нарманбет Орманбетұлының екі томдығын (Алматы, «ҚазАқпарат» баспасы), арада 10 жыл өткенде 3-томын ұсынды («У.Е.Ахтаев»



сөз ұстаған шешен, заманының ойшылы. Оған ең үлкен бағаны Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейхан берген. Ол баға – өлең үзіндісін мақалаларына эпиграф етіп алғаны.

Білімпаз М.Әуезов Нарманбетті жасы кішілігіне қарамай, Абайдың алдына қояды. «Одан беріде жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп һәм Нарманбеттерді алу керек» дейді (М.Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2-том. Алматы, «Жібек жолы», 2014. 80 б.). Әдебиеттанушы-ғалым Азат Бабашев: «Біріншіден, Нарманбет – Абайдың ақын шәкірттерінің бірі. Екіншіден, қазақ әдебиетіндегі «зар заман» ағымы соңғы буынының өкілі» деп тұжырымдайды.

Біз Аманкелді ағамызды сабақ берген ұстаз әрі өңірді жақсылыққа бастаған қоғам қайраткері ретінде тең танимыз. Нарманбеттанудан тыс тілге, әдебиетке қатысты зерттеулері, әдістемелік құралдары қаншама. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері үшін пәннің түсіндірме сөздігін әзірлеуі де – бөлек әңгіме. Мысалы, адамның фәниде ішетін соңғы асы – «атау-кере» болса, соңғы ішетін суы – «шәрбан су» екенін алғаш осы ұстазымыздан естігенбіз. Балқаш көлінің атауы – «суы мен нуы мол» деген мағына беретінін байыпнатқаны да жадымызда. «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» – деп Ә.Бөкейхан айтқандай, ағамыздың барды – бар, жоқты жоқ дейтін қағидатшыл қасиеті де бар. Сол үшін тағдырдың талай сынына түскен кезі болыпты.

әліппесін үйрете отырып, оқушылардың санасына адамдықтың, зерделіліктің дөнін сепкен Аманкелді ағаға алғысымыз шексіз. Кездесе қалсақ, әке мен баладай, ұстаз бен шәкірттей шұрқыраса қаламыз.

Аужекеннің жары Күләш апамыз да шығармашылықтан алыс емес, Ақтоғай аудандық газетінде ұзақ жыл қызмет атқарды. Өмір бойы жарының тынымсыз еңбектенуіне жағдай туғызды. Перзенттері де – тәрбие көрген, оқыған азаматтар. Шөберелері де осы жолды таңдайды деп сенеміз.

Есімі елордаға, елге таныс Қайырбек Сәдуақасовтың: «Аманкелді Туғанбай болмаса Нарманбет Орманбетұлы мұрасы өшіп қалар еді» деген бір ауыз сөзінде үлкен мағына бар.

Тоқсанға аяқ басқан ақсақал таяуда бізге: «Қарағандыға келсең, соға кетші, елордалық алаштанушыларға даярлап қойған кітаптарым бар еді», деді. Бардық. Аяғы ауырып, балдаққа сүйеніп отыр екен. «Жастар заман қиын деп, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмеуі керек. Ойлы, елшіл жастарға көңіліміз толады. Нарманбет сынаған заман, адамдар пиғылы артта қалсын. Сексеннен асқан жасымызда ел түзелсін деген ниетпен ескінің сөзін тірнектеп жинап, жариялап жүрміз. Астана азаматтарына сәлем айт!» – деп, ақ батысын беріп, шығарып салды.

Сұлтан ИБРАЕВ,
абайтанушы.



Дін – бірліктің дінгегі

Тоталитаризм өзінің жаңашылдығымен дүниетанымдық доктриналарының революциялық ерекшелігімен міндетті, ескі тәртіпті толық жою талпынысы және оның қираған орнына принципиальды жаңа тәртіп орнату. Тоталитаризм көзін жаңа түрдегі көпшілікті саяси қозғалысынан іздеу керек, олар үшін ұйымдық монополия партия үстемділігі формасында және динамикалық революциялық рух тән болып келеді. Жаңашылдық, сонымен, режимнің революциялық пайда болуынан құралады, оның тұруы революциялық толқынның қайта құру жотасында болады. Егер демократиялық революция жаңа саяси жүйені құрумен аяқталса, онда тоталитарлық қозғалыстың революциясы олардың билікке келуімен аяқталмайды – революциялық қайта құру үрдісі жалғастырылады, бірақ «жо-

маңызды деңгейде өткеннен мұра болып қалған дәстүрлі әлеуметтік байланыстарының құлдырауымен байланысты: қауымдастық, діни және т.б. Осы кезеңде бұрынғы адам құндылықтарының тапшылығын оңай тоталитарлық идеология орнын толтыруы мүмкін, ол адамдарды кейбір «позитивтік» мақсатпен байланыстырады.

Тоталитаризм мәні ең анық дінмен күресінде байқалды. Сонымен, тоталитаризмнің дүниетанымдық және идеологиялық көздері екі негізгі аксиомадан тұрады: біріншіден, қоғамдық өмірді ұйымдастыруда идеалды және жалғыз жоспар бар, екіншіден, ондай идеалды жүзеге асыру екі адам арасындағы өзара әрекет етудің стихиялық үрдісімен байланысты емес, бірақ жоспарлы құрылыспен, саяси мәжбүрлеумен байланысты.

– жаппай террорға заңды жағдай қалыптастыру, яғни оны сот арқылы заңдастыру. Өлім жазасы жойылмады, ал контрреволюциямен күресу бойынша Төтенше Комиссия Бірлескен мемлекеттік саяси басқарма атымен тіршілік ете берді.

– демократиялық формальдылықпен тоталитарлық мәнін жасыру. Партияның ұйымдастыру тірегі «демократиялық орталықтандыру» қағидасы болып келді. «Демократиялық орталықтандырудың» бірінші ережесі төменнен жоғарыға дейін партияның барлық басқарушы органдарының сайлаулығын бекітті, тәжірибе жүзінде ол өзіндік қарама-қарсылыққа айналатын, себебі, іріктеу қағидалары тіркелмеген, ұсынылған кандидатуралар ғана дауысқа салынатын, жиі тізіммен, тіпті онда сайлауға қанша кандидаттар қажет болса, сонша

Германиядағы тоталитаризм көпшілік немістердің белсенді қарсылық көрсетуімен орнады. Тоталитарлық режимдердің адамгершілікке қарсы мәні КСРО-да репрессиялар болып көрмеген көлемге ие болды және үш түрлі қызмет атқарды. Біріншіден, реакцияшыл деп жарияланған тұтас әлеуметтік таптарды физикалық жою болды. Екіншіден, Сталин атымен байланысты және коммунистік басқаруда билік үшін күрес, партия ішінде бірқатар террор орын алды. Үшіншіден, репрессиялар өте маңызды рөл ойнады, халықтың бойында үрей туғызды және көпшіліктің бағынуын қалыптастырды.

Әр қоғам мемлекеттен және бар режимнен тыс өмір сүруге относителді бостандыққа ие. Бірақ тоталитаризм, бұл бостандықты жоюға және қоғамды өз бақылауына алуға тырысады. Соны-

XXI ғасыр феномені ретінде қоғамның идеологиялық деструкциясы

ғарыдан» басшылық ету арқылы.

Бұл ұрандалған идеологиялық нормаларды, оппозицияның қарсылығына қарамай, тоталитарлық мемлекет өмірге әкеледі, ал қарсылықты террор көмегімен басады. Мұндай жүйенің ерекшелігі террор мен идеологияның байланысында болады, олар бір-бірін өзара толықтырады. Мұны бұрын мұндай ештеңе болмаған деп түсінуге болмайды, бірақ XX ғасырда екі элементтің қосылуы болып көрмеген тиімділікке жетті.

Тоталитаризм мен XX ғасырдың заманауилығымен тікелей байланысы туралы келесі факт айтады, бұл саяси жүйе псевдodemократиялық легитимациялықсыз бола алмайды, демократиялық кейіпті болады. Тарихтың жаңа кезеңінде демократия атынан оның жақтастары да және күмәнсіз қарсыластары да шығады. Сонымен қатар, демократия терминінің тікелей түсінігі альтернативтік түсінік беруге мүмкіндік береді, ол демократия мен тоталитаризмді теориялық межелеп көруге тырысқанда белгілі қиындықтар туғызады. Жүйенің диктаторлық мәні өкілетті мекемелер фасадында жасырылатын, сайлауға құқықсыз «сайлау» ұйымдастыратын бұл процедураға қатысушылардың 99% және басқа да атрибуттармен, халықтың қалауын еліктеу үрдісімен көрсетеді. Мұның мәні билеушілер мен басқарылатындардың бірлігін формальдық түрде көрсету.

XX ғасырда техника көмегімен адам әрекетінің барлық салаларымен байланысты көптеген мәселелер шешілді. Техниканың құдыреттілігі туралы дүниетанымдық миф туды. Әлеуметтік-саяси мәселе техникалық тәсілдер көмегі арқылы шешілуі мүмкін сияқты көрінді, ал саясаткер кәсібі «әлеуметтік инженерияға» жақын болды. Мұнымен басқа да иллюзия тығыз байланысты – бір идеалдық матрица бойынша қоғамды қалыптастыруға мүмкін, жолда кездестіретін барлық қиындықтарды ескеріп, уақытылы оларды шешуге болады. Егер әлеуметтік орта қарсылық көрсетсе, онда «жер жұмағы» прoектісі террор көмегімен жүзеге асырылатын.

Тоталитаризм ерекшелігінің басқа маңызды аспектісі соңғы жүз жылда идеология атқаратын рөлімен байланысты. Заманауи өркениетінің, «көпшілік қоғамының» аяққа тұруы

Тоталитарлық саяси жүйенің жаңа идеялық және құрылымдық сапалары тарихи тұрғыда оның ерекшелігін қалыптастырады.

Саяси және тарихи әдебиеттердегі ең пікірталас тудыратын сұрақтардың бірі: КСРО-да тоталитаризм қашан бекіді? Бұл сұраққа үш жауап алуға болады. Бір зерттеушілер (А.Л.Алюшин, Б.Бонвеч) бұл кезеңді 1937-1938 ж.ж. жатқызады, Сталиннің нағыз және жалған қарсыластарына қарсы жаппай террор кезеңіне осы кезде толығымен лениндік қолдау жойылды және жоғарғы партиялық және мемлекеттік қызметкерлердің көбі репрессияға ұшырады. Басқа авторлар (В.И.Михайленко, Т.П.Нестерова) «үлкен террор» эксцесстері бұрын да болған деп пікір айтады, 20-сыңшы жылдардың аяғы – 30-шы жылдардың соңы, күшпен ұжымдастыру және ауылдағы жаппай ашаршылық кезеңі. Сол кезеңде советтік билік иерархиясында Сталин нөмір бірінші фигура болды және оның культі қалыптаса бастады.

Дегенмен де, тоталитарлық заманды еш шүбәсіз XX ғасырдың бірінші жартысының үшінші бөлігінен бастап санау керек. Авторитаризм мен тоталитаризмге қарағанда, тоталитаризм сайлау нәтижесінде емес (демократия) немесе саяси дағдарыста және одан кейінгі төңкерістен кейін емес (авторитаризм) дүниеге келді, әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстың жаппай билеу нәтижесінде пайда болды. Бұл дағдарыстың маңызды өлшемі – халықаралық. «Бірінші дүниежүзілік соғыс сол халықаралық фактор болып келді, бұл факторсыз большевиктік революция болмас еді, – кезінде неміс тарихшысы Ф.Боркенау жазды, – сондай-ақ дүниежүзілік экономикалық дағдарыс дәл сол халықаралық фактор болып келді, ол болмаса неміс революциясы болмас еді». Коммунистік тоталитаризмнің пайда болу белгілері болып келеді:

– Қоғамның рухани саласына бақылау қою, басқаша ойлауға тыйым салу. Үлкен топ оппозиция зиялылары қудаланды, тыйым салынған кітаптар тізімі жасалды және театр репертуарына бақылау жасала бастады. Ленинді Православия шіркеуінің сазайын тарттыру ой қалдырмады;

– партия, яғни оның жоғарғылары, саяси жүйеде өзінің гегемонисттік рөлін нығайтты;

болуы мүмкін еді. Кандидаттар іріктеуі жоғары тұрған органдармен келісілетін, олар сайлану туралы шешімді бекіту керек еді. «Демократиялық орталықтандырудың» екінші пункті партиялық органдардың жүйелі түрде олардың саяси ұйымдарының және жоғары тұрған комитеттер алдында есеп беруін бұйыратын. Демократиялық орталықтандырудың үшінші ережесі жоғарғы органдардың шешіміне шартсыз бағынуды талап ететін, бұл билікті жоғарыға тым ығыстыра түсетін. Бұл органдар кез келген уақытта төменгі органдардың шешімін өзгерте алатын. Сол уақытта Германияда нацистік түрдегі тоталитаризм қалыптаса бастады. 1929 ж. бастап Германия өзінің тарихында болмаған экономикалық дағдарысты басынан кешіп отырды, ол 6 млн. дейін адамды жұмыссыздыққа ұшыратты. Бұл саяси күштердің радикализациялануына және саяси талаптары бар үздіксіз ереуілдерге әкеп соқты.

XX ғасырдың бірінші жартысының үшінші бөлігіндегі оның пайда болу белгілері болып келеді:

– Өмір сүру үшін күреске шыдау идеясы; барлық немістерге жалпы бір күшке бағыну керек болды. Индивид немесе қандай да бір аз адамдардың құқықтарын қорғау туралы сөз қозғалмау керек еді. Бұл «үлттың темірдей қажырлылығының» жұмсаруына әкелер еді. Тәжірибе жүзінде барлық индивидуалистік тенденциялар, меншіктіліктің басым болуы террор арқылы жойылатын. Коммунистер мен еврейлер қудаланды;

– басты рөл партияға берілді, ол элита түрінде барлық халықтың қалауын айту керек еді. Германияның социал-демократиялық партиясына тыйым салынды, қалған партиялар өздерін таратты, Германияның национал-социалистік жұмысшылар партиясы жалғыз партия болып жарияланды. Оның саяси жүйедегі монополиялық жағдайы «Партия мен мемлекеттің бірлігін қамтамасыз ету туралы» (1933ж. желтоқсан) заңымен бекітілді.

– репрессиялар заңдалды. «Халық пен мемлекетті қорғау туралы» декреті конституцияның жеті бабын іске асырмай тастады, олар адам құқығына кепіл беретін.

Ресейдегі большевизмге қарағанда,

сымен, тоталитаризм қоғамды өзіне тән ететін еркшелігін, өзіндік дамуын және қызмет ететіндігін жояды – таптарды, дәстүрлерді, дінді, еңбек этикасын, отбасын және т.б. Өзін рационалистік, механицистік утопия ретінде көрсетіп, тоталитаризм авторитарлық тұлғаны жасауға тырысады – бос демократиялық тұлғаға тура қарама-қайшы келеді, әрекеті алдын ала болжанатын және толық режимге бағынатын жүйенің адамы (КСРО) немесе солдаты (фашистік Германия). Авторитарлық тұлға қандай да бір ішкі мазмұнға ие болмау керек, режимнің айтылғанынан ерекшеленбеу керек. Оның еңбектік талпынысы жоғарыдан берілген регламенттен шықпау керек, оның саяси белсенділігі саяси көсемдердің және иерархтердің әрекетімен келісілген болу керек. Ондай тұлғада жемісті еңбектенудің ешбір басқа стимулдары болмайды, тек моральдық-идеологиялық сипаттағы стимулдар ғана, себебі, аскетизмді уағыздап, тоталитаризм жеке меншіктік пен материалдық сыйақыны мойындамайды. Күш құрылымдары мен БАҚ-ды толық бақылау, партия мен олардың көсемдерінің қалауын орындау және бағыну арнайы дайындықсыз болмайды. Мемлекеттің қуаты мен күшінің нығаюы мұнда басты императив ретінде қарастырылады, оның қызметіне қалғанның бәрі қойылу керек.

Тоталитаризмге басты қауіп оның адамгершілікке қарсы мәнінде болып тұр, жүйеде еш ұстаным мен қарама-қарсылықтың болмауы, арман мен шындықтың арасын қысқартуға үздіксіз талпынысы, жүйеде, шамасын сезу сезіміне жеккөрушілікпен қарайтын және ғасырлар бойы адам тәжірибесімен дәлелденіп келе жатқан мынадай рақымшылдықтарды мойындамайтын, толеранттық, дәстүрлерге берілгендік, шаруашылық дербестігі сияқты. Оның нәтижесі қоғамның толық ыдырауы және оның суррогатқа құлдырауы болып келді, маргиналдар мен люмпендар орналасқан, өндіріс әрекетіне барлық қызығушылықты жоғалтқан, мемлекет есебінде өмір сүруге үйренген және бостандық пен тәуелсіздік жағдайында өмір сүруге икемделмеген.

**С.Сыздықов,
аудандық ардагерлер кеңесінің
торағасы.**



«Қазақстан азаматтарының, әсіресе, жастардың еңбекқорлық қағидатын ұстануы маңызды. Сырттан көмек күтудің қажеті жоқ. Қазір заман басқа, яғни маңызды шешімдердің уақыты, серпіліс жасайтын сәт».

**ҚР Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаев.**

«Жасыл ел» жастары белсенді

«Жасыл ел» – Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық-әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауы негізінде 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан кеңесті бағдарлама. Сол жылы Астана қаласында «Жасыл ел» Жастар еңбек жасағының республикалық штабы құрылып, ұланғайыр мекеннің барлық аймағында бөлімшелері ашылып, өз жұмысын бастап кеткен еді. Аталмыш бағдарлама он сегіз жыл ішінде көптеген жастың Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, елімізді жасыл желекке айналдыру мақсатында олардың жсалын-жсігерін, күш-қуатын бір арнаға тоғыстыра алды. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген философияны өскелең ұрпаққа ұғындырып, жазғы демалыстарын босқа өткізбей, жұмыс істеп, қосымша қаржы табуға мольнан мүмкіндік тудырды. Уақыт өткен сайын жалпыұлттық бастамаға үн қатып, қолдау білдіруші студенттердің, жалпы жастардың қатары



артып келеді. «Ағаш ек, гүл ек, туған жерді түлет» немесе «Бір тал кессең, он тал ек» деп ата-бабамыз бекер айтпаса керек.

– Жасыл желек – жан саясы. Қай дамыған мемлекетті алып қарасаңыз да, жастардың белсенділігі өте жоғары екенін көріп, бар шаруа жастардың жұмыла қатысуымен бітетіні белгілі. Сондықтан да, бізде де еліміздің гүлденуі үшін, озық мемлекеттердің қатарынан орын алуы үшін бәріміз жұмыла жұмыс жасауымыз керек. Бұл бағдарламадағы басты бағыт – табиғатты қорғау, экологияны сақтауға ғана емес, жастардың тәрбиесі мен еңбекке баулу. «Бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы – жастарды еңбекке тарту», – дейді аталмыш бағдарламаның аудандағы орындалысы жайлы сұрағанымызда аудандық Жастар ресурстық орталығының бас маманы Н.Өміржанова.

Сала мамандарының айтуынша, бағдарлама аясында үстіміздегі жылы жалпы аудан көлемінде 120 жас жұмыспен қамтылған екен. Еңбектеніп жүрген жастар бүгінгі күнде көшелерді, арық бойларын тазалап қана қоймай, футбол алаңдары ауласын да тазалап, құраған ағаштарды кесіп, жол жиектерін әктеу сияқты игілікті іс жасау барысында үлкен белсенділік көрсетуде.

– Маусым, шілде, тамыз айларында жасақшылар тынбай жұмыс жасады. «Таза болса маңымыз, сау болады тәніміз» дейді. «Жасыл ел» жасақшылары қоршаған ортаның көркеюіне, қоғамдық орындардың таза тұруына өз септігін тигізуде. Ақтоғай ауданының аумағын тазарту, коғалдандыру және абаттандыру жұмыстары бойынша 120 жас 2023 жылдың маусым, шілде, тамыз айлары бойынша жұмыспен қамтылатын болады. Ақтоғай ауданында «Жасыл ел» жасақтарының сарбаздарына (14-34 жасқа дейін аралығындағы жастар) ай сайын бір айға еңбекақы төлеу ұйымдастырылады. Бес күндік жұмыс аптасы кезінде айына толық сағат жұмыс істеген кезде «Жасыл ел» сарбаздың жалақысы 14

жасан 16 жасқа дейін (күніне 4 сағат) 70 мың теңгені, 16 және одан жоғары (күніне 6 сағат) 105 мың теңгені құрайды. Жұмыс аптасы – 5 күн. 14-15 жас аралығындағы сарбаздар саны 50 болса, 16-34 жасқа дейінгі сарбаздар саны – 70. Маусым айы бойынша 14-15 жас аралығы бойынша Ақтоғай ауылында – 8, Сарышаған кенті – 4, Шашубай кентінде 4 сарбаз жұмыспен қамтылды. 16 жасан жоғары Ақтоғай ауылында – 10, Сарышаған кентінде – 6, Шашубай кентінде

5-еуі толық айлық жалақыларымен қамтамасыз етілді. Шілде айында 14-15 жас аралығы бойынша Ақтоғай ауылында – 9, Сарышаған кенті – 4, Шашубай кентінде 4 сарбаз еңбек етсе, 16 жасан жоғары Ақтоғай ауылы – 13, Сарышаған

кенті – 6, Шашубай кенті 5 сарбазбен қамтамасыз етіліп отыр. Айлық жалақылары тамыз айында төленіп беріледі. Ал тамыз айы бойынша 14-15 жас аралығында Ақтоғай ауылында – 9, Сарышаған кенті – 4, Шашубай кентінде 4 сарбаз, 16 жасан жоғары Ақтоғай ауылында – 13, Сарышаған кенті – 6, Шашубай кентін 5 сарбазбен қамтамасыз ету жоспарда бар. Айлық жалақылары қыркүйек айында төленіп беріледі. Бұл да жұмыссыздықтың азаюына өзіндік септігін тигізери анық. «Жасыл ел» – тек патриоттардың, елін сүйетін азаматтардың орны. Әр адам өз елінің патриоты болуы керек. Осы орайда аянбай еңбек етіп, өз туған жерінің мәртебесін көтеру әр қазақтың, ел болашағы болып саналатын жастардың міндеті. Қазақстан – жас мемлекет. Мұндағы халықтың басым көпшілігі бойында жсалыны, қуаты тасыған жастар екені мәлім. Жастар – ұлт келісегі, қоғам айнасы. Оларға қарап ертеңгі күннің, болашақтағы қоғамның қандай болатынын болжаймыз. Сондықтан да, олардың қызығушылығын қоғам игілігіне қарай бұру дұрыс дүние, – дейді Н.Өміржанова.

Жалпы, қандай елде болсын азаматтарының, жастарының ел ісіне араласуы жақсы құбылыс. Қазіргі таңда елімізде жастар саясаты қолға алынуда. Бұл орайда, көптеген игі бастамалар өз жемісін беруде. Осы саясатты іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі – жастарды елжандылыққа тәрбиелеу, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту. Ең бастысы, жылына қаншама жастарды осы іске тарта отырып, олардың арасындағы жұмыссыздықты төмендету. «Жасыл ел» бағдарламасы жақсы бастама ретінде бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан емес. Қаншама студенттеріміз бос уақытын тиімді өткізе отырып, еліне қызмет етіп жүр.

Думан ҚАБЫЛ.

Еске алу

Ардақты әкеміз, немерелерінің сүйікті атасы **Құсайнов Қамбардың** дүниеден өткеніне 13 жылдай уақыт болды. Кең жүректі, жомарт пейілді, адал мінезді абзал әкемізді сағынышпен еске аламыз. Жанымызға жылулық ұялатқан әкеміздің жарқын бейнесі, айтқан ақылдары, «айналайын» деп басымыздан сипаған аялы алақанының ыстығы мәңгі ұмытылмақ емес. Мейірімі мен парасаты, адамгершілігі мен ақылы үйлесім тауып, жан-дүниесі жайдары нұрға, ізгілікке толған жанның ақыл-кеңесі мен ұстанымы ұрпақтарына мәңгі үлгі-өнеге болып қала бермек.



Отбасының берік қорғаны, балаларына мейірімді болған ардақты әкеміздің жатқан жері жарық, топырағы мамық, жолдасы иманнан, орны жұмақтан болсын деп рухына Құран бағыштаймыз.

Торқа болсын жан әке, топырағың, Сен – бәйтерек, ұрпағың – жапырағың. Еске алып, қол жаяды, әке, сізге Артта қалған ұрпағың, атырабың.

Сағына еске алушылар: балалары мен немерешөберелері.

Әкеміздің рухына арналған еске алу асы Нүркен ауылының «Нұрсай мейрамханасында 5 тамызда сағат 13.00-де беріледі.

Әкемізбен дәмдес болған барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдас тұрғындар мен көрші-қолаңға Құранға қол жайып, ниеттес болуын хабарлаймыз.

Еске алу

Аз ғана ғұмырында артына өшпес із, өлмес өнеге қалдыра білген ардақты жар, асыл әже, аяулы анамыз **Әдибекова Жазира Зиядақызының** өмірден өткеніне бір жыл болды. Отбасымыздың сүйеніші, қорғаны болып, ел құрметіне бөленген, ағайын-туысқа қадірлі үлкен жүректі абзал анамызды сағынышпен еске аламыз.



Бізді өмірге әкеліп, құшағында аялап, бақытты ғұмыр кешкен анамыздың орны ортамызда ойсырап тұр. Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына бір кісідей үлес қосып, қажырлы еңбек еткен анамыздың ғұмыры біз үшін тұғыры биік тағылым мектебі. Уақыт өткен сайын анаға деген сағынышымыздың салмағы артып, жүрегімізге жақын жанның ортамызда жоқтығы айқын сезіле түседі екен. Өйтсе де, Алланың ісіне не шара?! Қайғының орнын сабырға, шарасыздықтың орнын шүкірге алмастырып, асыл анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын деп қол жайып, Алладан дұға қыламыз.

Жан ана, мейірім-шуақ жаның ізгі, Өсіріп, мәпеледің бәрімізді. Тәрбие өзің берген жан азық боп, Жалғаймыз сіз берген тәлімді ізді. **Еске алушылар: жолдасы – Есен, балалары – Мадина-Есенгелді, Зарина-Думан, Нүрсерік-Мөлдір, Тангүл және немерелері.**

Президент тапсырмасын орындай отырып...

«Қуаныштағы» қуаныш – ауыз су

Жалпы, ондаған жылдар бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан ауыз су мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Сондықтан, өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықты 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың соңына дейін сапалы ауыз сумен 100% қамтамасыз ету туралы Үкіметке міндет қойды. Осы орайда әрбір елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша кезеңдік жоспар әзірленді. Әсіресе, шалғай ауылдардағы ауыз су мәселесі қолға алынды.

Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – ел ішінде өзекті мәселенің бірі. Ауыл жұртшылығы үшін аса маңызды ауыз су жыл өткен сайын оң шешімін тауып келеді. Қазіргі таңда Ақтоғай ауданы Қараменде би ауылдық округі Қуаныш ауылына және Жидебай ауылдық округі Үшарал ауылына су құбыры орнатылып, халықты тіршілік көзімен қамтамасыз ету мемлекеттік бағдарлама аясында іске асуда.

– «Су – тіршілік көзі» десек, оның сапасы да басты назарда. Халық денсаулығы да судың сапасына тікелей байланысты. Ауылымызға су тартылғанына ел болып қуандық. Өйткені, су мәселесі бізді көптен бері толғандырып келді, – дейді Қуаныш ауылының тұрғындары.

Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Абылай Аманжоловтың айтуынша, Қараменде би ауылдық округі Қуаныш ауылының су құбыры желілерін салу шарт бойынша – 478,4 млн. теңге.

2022 жылда 301,9 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. – Қуаныш ауылына биыл облыстық бюджеттен 95,7 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі кезде жалпы ұзындығы 9383 метр су құбыры тартылды. Құрылыс жұмыстарын аяқтау осы жылдың қыркүйек айына жоспарланып отыр. Уақытша бес жұмыс орны ашылды. Ал, Жидебай ауылдық округі Үшарал ауылының су құбырына 325,9 млн. теңге бөлінген. Өткен жылы 150 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілді. Осы жылы облыстық бюджеттен – 65,2 млн. теңге, Ұлттық қордан 124,7 млн. теңге бөлінді. Бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды.



Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы 5833 метр құбыр тартылды. Құрылыс жұмыстары қыркүйек айында аяқталады. Бұл ауылда уақытша төрт адам жұмыспен қамтылды, – дейді Абылай Аманжолов.

Көптің көкейіндегі проблеманы шешуде атқарылып жатқан жұмыстардың шет жағасы осындай. Тіршілік көзінен таршылық көріп отырған шалғай елді мекендегі тұрғындар дән риза. Ақтоғай ауданында бұдан да басқа ауқымды істер еңсерілмекші.

Н.Кәрім,
«Орталық Қазақстан» газеті.

Құттықтаймыз!

Құрметті бауырымыз Қанат Мұсаханұлы!

«Жылқыда да жылқы бар – қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар – азаматы бір бөлек» деп – еліне елеулі, халқына қалаулы өзіндей азаматқа арналып айтылса керек. Асқаралы 60 жас мерейтойыңыз құтты болсын! Жасыңызға жас қосылып, денсаулығыңыз мықты, жұмыста беделді болып, дос-жаран мен ағайын-туыс арасында абыройың әрдайым артып, аңсаған арманыңның асуларына жете бер!

Игі тілекпен: Шерубаевтар отбасы.



Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты ағамыз Мұсаханов Қанатты асқаралы 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге темірдей мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, жемісті де табысты еңбек тілейміз.

Міне, сіз де біреуімізге аға, біреуімізге бауыр болып, аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз. Шүкір, бүгінгі күні үлкен бір өулет әрі халқына қызмет қылған, елі сүйген ер азаматсыз! Өзіңізден кейінгі ұрпаққа үлгісіз. Алла мәнді де ұзақ ғұмыр берсін! Күш-қайратыңыз жасымай, ерге лайық ерен еңбегіңіздің жемісін көріп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын қызықтап, алда талай биіктерді бағындыра беріңіз. Қосағыңызбен қоса ағарып, шөберенің қолынан су ішуді нәсіп етсін!

Туған күн, думанды күн құтты болсын, Жас қосылып, жасыңыз жүзге толсын. Отбасы, немерелер ортасында, Әрбір күн шаттық пенен нұрға толсын!

Ізгі ниетпен: Сәуләбай-Гүлнар, жиендері – Нұржан-Фариза, Марлен-Маржан, Сержан-Келбет, Елдар-Айжан.

Балалар – өмірдің гүлі



Жаз айлары – балалардың толыққанды демалып, денсаулықтарын нығайтып, жаңа оқу жылын тың күшпен бастаулары үшін қолайлы уақыт. Әрбір бала жанға жайлы демалысты қызықты өткізуді армандайды. Осы орайда күні кеше Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығының ұйымдастыруымен балалардың жазғы маусымдық демалыс күндерін тиімді өткізу мақсатында «Балалар – өмірдің гүлі» атты мәдени демалу шарасы өтті.

Шара барысында балалармен әдеби-танымдық сұрақтар, сергіту сәттері, флешмоб, ән айту, биден жарыстар, көркемсөз оқып, кеш соңы балалар би кешімен ұласты.

– Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы де-

малыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Сонымен қатар, жазғы демалыс – балалардың жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайтып, оларды сауықтыру кезеңі болып табылады. Осы мақсатта аудан көлемінде балдырғандардың бос уақытын тиімді пайдалану бойынша түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Соның бірі – «Балалар – өмірдің гүлі» атты мәдени демалу шарасы. Бұл шара әрі қарай жалғасын таба бермек. Әр аптаның жұма күндері балаларға арналған қазақша бейнефильмдер, мультфильмдер көрсетіліп тұратын болады, – дейді мәдени-бос уақыт өткізу орталығының мамандары.

Өз тілшімізден.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.Елеусизова

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 870 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

